

Тегісшіл ауылдық округі Таскескен елді мекеніндегі көшеге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігі Тегісшіл ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 66 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 тамызда N 14-11-108 тіркелді

Қазақстан Республикасындағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, 2009 жылғы 08 мамырдағы көше тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Тегісшіл ауылдық округі Таскескен елді мекеніндегі орталық көшеге Омаров Әбденбайдың аты берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі:

Б. Джусупов